



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№36

(868)

10 қыркүйек

2021 жыл

ТҮЙТКІЛ

МҰҒАЛІМНІҢ МӘРТЕБЕСІ



Сықақшы, «Шаншар» өзіл-сықақ театрының директоры Үәлибек Әбдірайымовтың монологы есіңізде ме? Мұғалім мәртебесі туралы. «Біз оқушы кезімізде мұғалімнің қарасы көрінсе, бой тасалап, бұғынып көзіне түсіп қалмауға тырысатын едік. Қазір көрісінше, көшеден өтіп бара жатқан мұғалім оқушыны көрсе, жүзін төмен салып ұялып айналып өтуге тырысады. Өйткені оқушының үстіндегі киімі мұғалім киіп жүрген киімнен бірнеше есе қымбат». Өмірдің өзінен алынған боямасыз көрініс.

Тағы бір мысал. Бала күннен қатар өскен досымыз бұл күнде билей бизнесмен. Алматының төменгі ауданы саналатын шағын ауданнан салған ескірген үйін күреп тастап, орнына көп қабатты жатақхана сықылды үй тұрғызды. Әр бөлменің жуынатын орны, әжетханасы жеке-жеке. Сол жігіт айтты: «Маған жатақханадағы бөлмені жалдап тұруға сұрап келетіндердің арасында мұғалімдер де бар және олардың саны басым. Мен үшін кім жалдап тұрса да бәрібір, ақшасын уақытында төлесе жетеді. Тек мұғалімнің біздің аулада, жалға берілетін жатағымызда тұрғаны балаларым үшін қалай болар екен. Ертең мектепте біздің жатақхананы

жалдап тұрушы педагог баламнан үй тапсырмасын сұрарда кібірткітеп қала ма деп ойлаймын» дейді. «Несіне кібірткітейді, ақысын төлеп жалдап алған жок па» деп жауап беруге де болады. Дегенмен сен біреуден қарыз алсаң, берешек болсаң, соның алдында берерін бар екені көкейіне қонақтап, қашан берешегінді өтегенше кетпейді. Қысылып, аяқ тартып жүресің. Кәсіпкердің айтқаны да орынды. Басында баспанасы жоқ қамқөңіл педагог қанша дегенмен де қожайынның баласы алдында кібірткітеп қалары сыртқа байқатпағанымен белгілі.

(Жалғасы 3-бетте)

БАҚЫЛАУ

ШОТЫҢЫЗДЫ ҚАҒЫП ЖҮРСІЗ БЕ?



Пайыздық мөлшерлемесі тым қымбат, бес теңге несиеге рәсімдесе, тоғыз теңге көлемінде қайтаратын қарапайым халықтың үстінен күн көргісі келген банк қызметкерлері заңсыздыққа жол берген.

Бас прокуратура баспасөз қызметі жариялаған мәліметте бұй дейді. «Қарыз алушылардың ақшасы банктер белгілеген лимиттен жоғары көлемде есептен шығарылып отырылған.

Қадағалау органы банктердің азаматтардан олардың несиелері мен қарыздары бойынша артық ақша қаражатын ұстап қалу фактілерін анықтады.

Еңбек кодексінде (115-бап) және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында (23-бап) тиесілі жалақы мен зейнетақы сомасының 50%-ынан астамын өндіріп алуға тыйым салынған». Занда осылай тайға таңба басқандай жазылса

да, бірнеше банк қызметкерлері азаматтардың шотына түскен қаражатын бекітілген шекті тиымнан асырып, жоғары мөлшерде есептен шығарып келіпті. Мұндай келенсіздік Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында белгілі болған.

Мұның барлығы неден туындайды. Қазаннан қақпақ қисайса, иттің ұяты қашалы. Бізде дәл соны кері. Қарапайым халықтың қаржылық сауаты саяз әлі. Тіпті банктер несиесі рәсімдегенде келісімшартты көпшілігі зер сала оқып, байыптамайды.

Ал сіз шотыңызды қаттап, шоттап қадағалап жүресіз бе?

Нұрлан КӨШІМБАЙ

ТІЛ

Соңғы жылдары сөзді қалай болса солай қолдану, грамматикалық және орфографиялық ережелерді сақтамау, аударма ісіне ат үсті қарау белең алды. Келеңсіз құбылыс, әсіресе, әлеуметтік желідегі жазбалардан анық байқалады. Жуырда жарық көрген «СӨЗТҮЗЕР. Қате қолданыстар сөздігі» осы олқылықтың орнын толтырады деп үміттенеміз.

СӨЗ ТҮЗЕЛЕДІ



ОҚЫРМАН, СЕН ДАЙЫН БОЛ!

Сөздіктің тұсаукесері Нұр-Сұлтандағы «Қазмедиа орталығы» ғимаратында өтті. Іс-шараға Парламент депутаты, іскерлік, қоғамдық, ғылыми және мәдени топтардың өкілдері, журналистер, мемлекеттік БАҚ басшылары қатысты.

«СӨЗТҮЗЕР. Қате қолданыстар сөздігінің» отандық БАҚ материалдарының мониторинг негізінде білікті лингвистердің, тәжірибелі журналистер мен кәсіби редакторлардың қатысуымен әзірленді. Жоба авторлары еліміздің ақпараттық кеңістігінде мемлекеттік тілде жиі кездесетін қателіктерді анықтады, жіктеді және талдады.

Онда қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс пайдаланбаудың нақты мысалдары бар. Сондай-ақ жалпы орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателер сөздігі жасалды. Онда сөздер мен сөйлемдердің дұрыс нұсқасын қолдану бойынша ұсыныстар берілген.

Бұл осы бағыттағы алғашқы ауқымды жоба. Басты мақсаты – БАҚ-та мемлекеттік тілді нығайту және дамыту.

Отандық БАҚ-тарға арналған қазақ тіліндегі сөздікті жасау идеясының авторы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев болды. Жоба жетекшісі – Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы.

Сөздік бірінші кезекте қазақ тіліндегі БАҚ редакторларына, сондай-ақ қазақ тілінде сауатты жазуға тырысатын қалың бұқараға тұрақты пайдалану үшін ұсынылады.

«Сөзтүзер» БАҚ-та мемлекеттік тілді нығайтуға жаңа серпін береді және қалың жұртшылықтың, әсіресе жас ұрпақтың қазақ тілінде дұрыс сөйлеу және жазу қабілетіне оң әсер етуі тиіс.

Бұл еңбек Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын мерекелеу шеңберінде ұсынылып, Қазақстан халқының Тілдері күніне орайластырылды. Шара Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Медиа Дамыту қоры» Корпоративтік қорымен бірлесіп ұйымдастырылды. «Қазақстан» РТРК іс-шараға демеуші болды.

Жиында сөз алған Дәурен Абаев «Қазақ тілінің мәселесі әрдайым назарымызда. Оның өркен жаюына бәріміз де мүдделіміз. Бірақ тілімізді дамытуға бос сөзбен емес, нақты іспен үлес қосу керек. Бұл – әлеуметтік желіде эмоциямен пост жазу емес, тұрақты әрі тынымсыз еңбекті талап ететін бағыт. Нәтижелі әрі бірден-бір дұрыс жол да – осы. Президентіміз кешегі Жолдауында айтқандай, болашақта Отанымызда тұрғысы келетін әр азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Осы орайда, қоғамдағы сыйластық, өзара құрмет, адами қарым-қатынасқа сызат түспеуі керек. Мен Алматы облысындағы Үнгіртас деп аталатын табиғаты тамаша, шағын ауылда дүниеге келдім. Әжеміз бен атамның өсиетін тындап өстік. Сондықтан да туған тілдің тағдыры мені ерекше толандыруы заңдылық. Осы ретте, қазақ тілі үшін күнделікті қызмет етіп жүрген зиялы азаматтармен, тілді үйретіп жүрген нағыз патриоттармен жұмыс істеуді, жүйелі жобаларды жүзеге асыруды өзіме міндет санаймын», – деді.

Кезінде Ұлы Абай «Сөз түзелді. Тындаушы, сен де түзел!» деп жұртты сауаттылыққа шақырып еді. Сауаттылық қазір де көкейкесті мәселе боп тұр. Ендеше, «Сөзтүзер» игі мұрат жолында қызмет етеді.

(Өз тілшіміз)

ТАҒЫМ

МӘҢГІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Нұр-Сұлтанда қазақтың біртуар ұлы, даңқты спортшы Жақсылық Үшкөмпіровтің ескерткіші ашылды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, Олимпиада чемпионы, әлем чемпионы Жақсылық Үшкөмпіров өткен жылғы тамызда 70 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

1980 жылы Мәскеу Олимпиадасынан кейін Жақсылық Үшкөмпіровтің есімі Қазақстанның спорт тарихында алтын әріптермен жазылды. Ол – грек-рим күресінен Олимпиада чемпионы атанған тұңғыш қазақ.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
72,65

DOLLAR
426,47

EURO
503,73

РУБЛЬ
5,81



БИЛІК

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Егін жинау науқанының барысымен танысып, аймақтағы ірі кәсіпорындарды аралады.

Мемлекет басшысының Солтүстік Қазақстан облысындағы жұмыс сапары Қызылжар ауданы Бәйтерек ауылындағы «Сервис Жарс» ЖШС-нің ауыл шаруашылығы алқабына барудан басталды. Кәсіпорынға қарасты егістік жерлердің жағдайымен танысып, егін жинау жұмыстарына пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникаларын көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жетекшілерімен және механизаторлармен әңгімелесу барысында биылғы Жолдауында бұл сала бойынша тиісті міндеттер жүктегенін еске салды.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ӨНДІРУШІЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ



— Біз субсидия саласындағы саясатымызды жетілдіріп, реттеуіміз керек. Аталған мәселеге Жолдауымда арнайы тоқталдым. Бұл жерде бәрі айқын болуы керек. Болашақта субсидиялар мүлдем жойылып, оның орнына пайызы төмен несиелер болады деген пікір бар. Алайда қазіргі уақытта біз ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге қолдау көрсетуіміз қажет, — деді Президент.

— Біз дәстүрлі түрде Өзбекстан, Түрікменстан, Ауғанстан елдерінің нарығына үн жеткіземіз. Үкімет, сауда министрлігі тарифті реттеу мәселесімен нақты айналысуы керек. Үкімет келешекте астыққа экспорт салығын енгізу мәселесін көтеріп отыр. Қазіргі ахуалды ескере отырып, бұған әлі ерте деп ойлаймын. Сондықтан тауар өндірушілерге, әсіресе, үн шығаратын кәсіпкерлер үшін субсидия механизмін қайта іске қосуымыз керек. Біз қосымша құнының деңгейі жоғары дайын әрі өңделген өнімдерді экспорттауға тиіспіз, — деді.

— Үкімет ауыл шаруашылығы енбеккерлерін осындай техникалармен қамтамасыз етуге көмек беруі керек. Егер заманауи техника болмаса, біздің ауыл шаруашылығымыз дамымайды. Бұл — анық дүние. Сондықтан Үкімет менің тапсырмам бойынша тиісті жұмыстарды жалғастырады. Екіншіден, бұл техникалар ауыл шаруашылығы енбеккерлеріне қол жетімді болуы керек. Несиеге қатысты саясат жалғаса береді. Несие мөлшерлемесі төмен болуы тиіс. Мен бұл мәселеге баса мән беремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент өнімнің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен агроөнеркәсіп кешенінің жағдайы туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловтың есебін тыңдады.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыратын «CLAAS» зауытына барды. Президентке зауытта құрастырылған астық жинайтын тракторлар, комбайндар мен тұқым себетін техникалар көрсетіліп, кәсіпорынды одан әрі дамыту жоспарлары туралы баяндалды.

«CLAAS» компаниясының халықаралық беделін жоғары бағалаған Қасым-Жомарт Тоқаев:

— «CLAAS» өнімдерінің Қазақстан нарығына келуі бұл үлкен жетістік. Бұны өте ірі инвестициялық оқиға деуге болады, — деп атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы осы өнімде бірқатар жобаларды жүзеге асырып жатқан шетелдік инвесторлармен кездесті. «CLAAS» компаниясының ТМД елдері бойынша аймақтық директоры Нилс Ройч Мемлекет басшысын Қазақстанда болашақта іске асырмақ инвестициялық жобаларымен таныстырды.

Президент инвесторларға ел экономикасын, атап айтқанда, өнімдерді дамытуға қосқан үлестері үшін ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы инвесторлардың бизнес-жобаларының іске асырылуын бақылауда ұстау үшін жеке мониторинг жүргізетінін атап өтті.

Петропавлдағы «Alageum Electric» электротехника зауытының құрылысына 10 млрд теңге инвестиция салынған. Жобалық қуаты бойынша кәсіпорын жылына 13 мың трансформатор шығарады деп жоспарланған. Шығарылатын өнімнің 98 пайызы ТМД елдеріне экспортталады. Президентке зауыттағы трансформатор өндірісінің технологиялық желісі көрсетіліп, кәсіпорын қызметкерлеріне көрсетіліп жатқан



әлеуметтік қолдау шаралары мен өндірісті одан әрі кеңейту жоспарлары туралы айтылды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев енбек ұжымымен әңгімелесті. Президент кәсіпорынның жұмысы мен оның экспорттық әлеуетіне жоғары баға берді. Мемлекет басшысы зауыттың табысты дами беретініне сенім білдіріп, отандық өнім өндірушілерге Үкімет тарапынан жан-жақты көмек көрсетілетінін айтты.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеуметt⁰

ЖАТАҚХАНА ЖЕТІСПЕЙДІ

«Еліміздегі жастардың басым бөлігін студенттер құрайды. Мемлекет басшысының бастамасымен бөлініп жатқан гранттардың саны, сондай-ақ тегін техникалық білім берудің едәуір көбеюі жылдан-жылға студенттердің өсуіне алып келуде. Дегенмен сол жас студент үшін жатақхана мәселесі шешімін табар емес.

Студенттің сапалы білім алуы үшін, оның жатақханамен қамтамасыз етілуінің маңызы зор. Елімізде 1,1 миллионнан астам студент білім алады. Оның тек 16 пайызы ғана (174 мың) жатақханамен қамтамасыз етілген. Қазірдің өзінде жатақхана жетіспеушілігі 80 мың орынды құрап отыр. Бұл мәселені уақытында шешу үшін Елбасы 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырған. Бірақ аймақтарға келетін болсақ, бастама әрқелкі жүзеге асуда. Әсіресе, студенттер жатақханасының ең үлкен жетіспеушілігі Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларына тиесілі.

Алматы қаласында 170 мыңға жуық (38 университет, ЖОО) студент білім алса, оның тек 31 мыңы ғана жатақханамен қамтылған. Дәл қазірдің өзінде Алматы қаласы бойынша жатақхана жетіспеушілігі 35 мың орынды құрап отыр. Жоғарыда берілген тапсырмаға сәйкес, Алматыда 2022 жылдың соңына дейін университеттерде 16 мың орындық 38 жатақхана құрылысы аяқталуы қажет. Бірақ соңғы үш жылдың өзінде 1600 орынға жуық тек 6 студенттік жатақхана бой көтерді. «Жоғарыда көтерілген мәселелерге байланысты, Үкімет тарапынан жатақхана салу бойынша сұрақтарды жүйелі түрде шешуді ұсынамыз.

Біріншіден, студенттік жатақханаларды аса маңызды әлеуметтік нысан ретінде қарастырып, әкімдіктер тарапынан жерді бөлу, сондай-ақ құрылысты бастау үшін қажетті құжаттарды реттеу бойынша жұмыстарды бюрократизмге айналдырмай шешу жолдарын қарастыруды сұраймыз. Екіншіден, еліміз бойынша ең көп университеттер орналасқан Алматы қаласында сейсмикалық талаптарға сай 9-10 қабатты жатақханалар салу мәселесін қарастыру керек.

Үшіншіден, еліміздің ең ірі педагогикалық университетінің жатақхана салуға арналған тиісті жер мәселесін шешу керек. Төртіншіден, студенттік жатақханалардың заманға сай жабдықталуы мен олардың кезекті жөндеу жұмыстарын уақытында іске асыруды қолға алуды сұраймыз».

**Мәжіліс депутаты
Елнұр БЕЙСЕНБАЕВТЫҢ**
(Депутаттық сауалынан)

Аманжан ЖАМАЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Қаржы министрлігі өздеріне арнап тапсырма ойлап шығармай, ең алдыңғы кезекте Президенттің тікелей нұсқауын орындағаны дұрыс. Тексеруге мораторийді Президент жариялады, демек ол Президенттің шешімімен ғана алып тасталады».



Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:




«Шағын кәсіпкерлер олигарх та, жемқор да емес. Олар миллиардтарды офшорға шығармайды. Бұл адамдар мемлекеттен ештеңе сұрамайды. Өздері жұмыс істейді, басқаларды жұмыспен қамтиды.

Оларға қайта рахмет айтып, жайына қалдыру керек. Мәртебелі министрлерді адал жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қолдауға шақырамыз. Бәрін бірдей жапырып өтпей, алаяқтарды жеке-жеке тексеру керек».

Жайдар ІҢКӘРБАЕВ,
қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс комитеті төрағасының орынбасары:



«Жаппай тексеру жүргізгелі отырған жоқпыз. Мұны барынша қашықтан, сараптамалық деректерді пайдалану арқылы жүргізуге тырысамыз. Айталық, электронды шот-фактура жүйеміз нақты жеке кәсіпкерлікке қанша тауар жөнелтілгенін қадағалауға мүмкіндік береді. Егер, онда ай сайын, күн сайын үлкен сомаға тауар жөнелтілсе, онда біз мұны электронды шот-фактурадан көріп отырамыз. Бұған қоса, ол ешқандай кірісін көрсетпесе, онда жүйеміз тәуекелді, яғни аталған жеке кәсіпкерліктің салық заңнамасын бұзуы мүмкін екендігін көрсетеді. Алдағы уақытта анық бұзушылық байқалатын болса, онда оны өз бетінше жоюға мүмкіндік береміз. Содан кейін ғана тексеруге бастамашылық жасаймыз».





Түйткіл

(Басы 1-бетте)

МҰҒАЛІМНІҢ МӘРТЕБЕСІ

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов. Сол ұлтына қызмет ететін мінезді баланың бойына дарытып, сүйегіне дейін сіңіретін мекен — мектеп. Қайбір жылы еліміздің мектептерінде ер мұғалімдердің саны азайып, сиреп кетті деген де мәселе айтылды. Ер мұғалімнің болмауы, болса да арпа ішінде бір бидай секілді аз болуы мектеп оқушыларының ой-санасына, мінезіне айтарлықтай әсер етеді. Ер адамның мысы мен күші, айбары мен айбыны сөзсіз даруы керек оқушыларға. Ұстаз мәртебесін көтеру үшін еңбекақыны сатылап көбейтіп, жоғары жалақы алушылар санатына қосты. Шүкіршілік, қазір дәрежесі жоғары, әлеуеті зор мұғалімнің жалақысы тәп-тәуір. «Сананы тұрмыс



тұқырта билеген» қазіргі қоғамда материалдық құндылығын күйттегендер де педагог атандың қамында.

Мектепте ер мұғалімдердің қатарын толықтыру үшін қайтпек керек? «Отбасы банкі» әйел адамдарға арналған «Ұмай» бағдарламасын іске қосқан еді. Ер мұғалімдерді молайту үшін осындай үй мәселесін онтайлы шешетін, ерлерге арналған бағдарлама ашылғаны дұрыс па дейсін. «Ер азамат» дейміз бе, «ел тұтқа» десек те жарасады атауын, әйтеуір ат қоюға, айдар тағуға шеберміз.

Әңгіменің арқауына кәсіпкердің салған жатақханасынан пана іздеп келген мұғалімнің мұңы себеп болды ғой. Басында баспанасы болмаған ұстаздың енесі тік, жүрісі нық, ойы мығым бола ма? Бір мұғалімді білемін, қызымның бастауыш сыныптардағы жетекшісі болды. Тұрмысқа шықпаған бойдақ, Талғар трассасының бойындағы «Думан» ықшамауданында пәтер жалдап тұрды. Жұмысы қаланың солтүстік батысындағы «Зерделі» шағынауданындағы жалпы білім беретін мектепте. Екі араға қоғамдық көлікпен қатынайды. Салт басты, сабау қамшылы деген күннің өзінде үйінің жоқтығы, баспанасының болмауы жанына батпайды дейсіз бе?

Шүкіршілік, көптеген мемлекеттерде жоқ баспана алу үшін жеңілдіктер, түрлі мемлекеттік бағдарлама біздің елде бар. Бірақ ол бәрін де қамтуға қауқарсыз. Алматы шаһарындағы жағдайды алайық. Бірнеше жылдың бедері болды, отыз бес жасқа дейінгі жас отбасыларға арналған «Алматы жастары» деген бағдарлама ашылды. Осы бағдарлама бойынша үй алуға құжат тапсырушылардың тізіміне үңілсеңіз, мұғалімдерден көз сүрінеді. Сөзіміз сүйекті болсын, дерегін келтірейік. Жалпы осы бағдарламаға жеті сала бойынша 9741 адам өтініш беріпті. Соның ішінде 3560 адам — білім беру саласының маманы. Одан бөлек, 1103 адам жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері. Қалғаны денсаулық, мәдениет, спорт, әскери сала бойынша өтініш өткізген. Осыдан да біздің елде педагогтардың қордалы мәселесінің шоқтықтысы баспана жайы екені анық байқалады. Жыл сайын «Жыл мұғалімі» сынды ынталандыру сайысы өтеді. Женгенге пәтер, автокөлік сыйға тарту етіледі. Бұл сәл болса да көмек, демеу.

Ертеректе Түркияда мұғалімдер қоғамдық көлікте тегін қатынады. Бұл елде мұғалімдерге өзге мамандық иелеріне қарағанда пайызын төмендетіп несие береді, яғни баспананы төменгі пайызбен рәсімдейді. Ғылыми дәрежесіне, біліктілігін көтеру курстарына оқығанына және бала тапқаны үшін де, яғни баласы бап педагогтарға қосымша үстемеақы төленеді.

Сингапур халқы өз ортасына түскен келін мұғалім болса, құрмет көрсетіп сәлем салады. Осы ел мен Жапонияда мұғалім төрт жыл тұрақты бала оқытып, бесінші жылын өзінің білімін жетілдіруге арнайды, сол үшін арнайы шәкіртақы да алып отырады. Финляндияда ең жоғары жалақы ұстаздікі.

Адам туа сала айға ұшпайды, кен қазып кетпейді. Қай саланың санлағы болсын, алғашқы адымын ұстаздың алдын көруден бастайды. Өкінішке қарай, бар мамандық иесін білімге баулитын мұғалімдердің арасында үйсіз жүргендерінің шоғыры қалың бізде.

Қуаныш ПАХМЕТ

Өлді деуге сыя ма...

ҚОШ БОЛ, АБЗАЛ АҒА!

Қазақтың қайраткер азаматы Мағрұп Әкімбеков өмірден озды. 1936 жылы Қарағандыда дүниеге келген Мағрұп Махметұлы бүкіл ғұмырын елге, халыққа қызмет етуге арнады. Он сегіз жасынан бастап еңбекке араласты, шахтада жұмыс істеді. Содан кейін комсомол, партия және мемлекеттік құрылымдарда қызмет етіп, республикамыздың нығайып, өркендеуіне сүбелі үлес қосты.

Қош бол, абзал аға!

Jas qazaq газетінің ұжымы белгілі саясаттанушы, тарихшы ғалым Сұлтан Әкімбековке әкесі **Мағрұптың** қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Депутат сөзі

Иә, бұрынырақта «денсаулық үшін!» деп жамырасып, сыңғырлата соғыстырып, тартып жіберетін, стаканға тыным бермей, жаппай қызара бөрткен кездер болған. Алайда ондай күн де өткенге ұқсап барады.



ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУҒА ЕЛДІК ҰҚЫЛАС КЕРЕК

Жат жұртпен ілес келген бұл дәстүр зорлық пен қорлықтың арғы-бергі жағы болғаны да елдің есінде шығар. Қаншама пендені адастырды, соның кесірінен кесел тапты, ауа жаздап барып, әйтеуір, біртіндеп сана-сезім өзгере бастады. Бәрі бірден аяқ тартпаса да, шатасу мен шалыс қаламның шырмауығынан шыққандай. Оған мың да бір шүкір дейміз.

Денсаулықты жоғалту — болашаққа балта сілтеумен бірдей. Өкінішке қарай, «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» деген асыл сөзге құлақ асып, жол табушылардың қарасы көбейіп жатқан жоқ. Шындығын айтқанда, бұқаралық спортпен жүйелі түрде айналысатындардың көрсеткіші көп жылдар бойына 30 пайыздың (бүгінгі күні — 30,6%) маңайынан не азайып, не ұзап кете алмай тұрғаны да ойландырады. Жалған ақпарат та жарға жығуы мүмкін.

Кез келген дерттің дауасын әркім өзінің ақыл-ойы мен санасынан, отбасыда, жүрген ортасында қалыптасатын мінез-құлқынан іздегені абзал. Ата-ана сыйлаған жарық күнді баға жетпес құндылық ретінде қаірлегіңіз келсе, естияр кезден бастап, қарттыққа дейін денсаулығыңыздың қаірің білген жөн. Мұның мәнісі — жалпылама әрі жиі айтыла беретін сөзден іске көшіп, жақсы нәтижеге қол жеткізуге бел шешіп кірісу. Іс-қимыл, қозғалыстың бәрі жақсы, ал күнделікті, өзіне қолайлы уақытта жаяу, баяулатудан жүгіруге дейін, арнайы жаттығу жасау, емдік дене шынықтыру ең тиімді тәсіл екендігін көпшілік жақсы біледі, бірақ құнттамайды. Өйткені жастайынан, отбасыда баулымаса, бәрі сөз күйінде қала бермек. Белсенділіктің орнын түгел толтыра алмайтын дене шынықтыру сабағына иек артып отыруға болмайды. Мысалы, 2019 жылдың қорытындысы бойынша елдегі барлық мектеп оқушыларының 17,06 пайызы ғана дене шынықтырумен қамтылған. Ал мамандарымыз «бүгінде спорт инфрақұрылымы жеткілікті» дегенді айтып жүр. Елімізде ашылған 127 мыңнан

Жолдауында балалар мен жасөспірімдердің және бұқараның спортын дамыту мәселелеріне басымдық беруді тапсырған болатын. Парламент Мәжілісі, «Nur Otan» партиясы фракциясы мамандандырылған спорт мектептері оқытушыларының жалақысын 2023 жылға дейін екі есе арттыру, 2025 жылға дейін әрбір ауылдық округте спорт нұсқаушысының болуы жөніндегі жол картасы іс-шараларының



орындалуын қадағалауда. Ал Үкімет осы жылдың соңына дейін әкімдіктерге 43 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтауды, Work-out алаңдары мен басқа да шығынсыз спорт ғимараттарының желісін кеңейтуді, олардың балалар мен бұқара халыққа спорт нысандарының қолжетімді етуді, тағы басқа іс-шараларды мойнына алып отырғанын атап айтуға болады. Сонымен бірге, бұқаралық спорт пен дене шынықтыру ісінің ең манызды бөлігі — оның менеджменті

жабылады. Сондай-ақ қаржыны кәсіпқой клубтардан балалар мен жасөспірімдер клубтарына, балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептеріне және бұқаралық спортқа қайта бағыттаудың нақты нәтижесін көруге мүмкіндік берері сөзсіз. Осының есебінен-ақ тиісті министрліктер елде бұқаралық және балалар спортын дамыту бөлігіндегі өкілеттіктерін кеңейтуіне де болар еді.

Жоғарыда атап өткендей, халқымыздың

30, 6 пайызы, яғни 5 миллион 706625 адам жүйелі түрде дене шынықтырумен айналысады деген дерек ойлантады.

Бұл көрсеткіш жас ерекшелігіне қарай төмендегідей тарқатылыпты:

**14-29 ЖАСТАҒЫЛАР – 43,1 ПАЙЫЗ,
6-13 ЖАСТАҒЫЛАР – 31,2 ПАЙЫЗ,
30 ЖАСТАН ЖОҒАРЫЛАР – 24,4 ПАЙЫЗ,
ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА
ЖЕТКЕНДЕР – 1,3 ПАЙЫЗ.**

Міне, бұл көрсеткіштер ел азаматтарының, жалпы саламатты өмір салтын ойлайтындардың көңілін көншіте алмасы ақиқат. Бұрынғы қатып қалған шеңберден шыға алмай келеміз. Бұл — денсаулыққа қатысты қоғамның түсінігі мен сана-сезімінің өзгере қоймағанына мысал.

Өркениетті елдерде спортпен және дене шынықтырумен айналысуды — саламатты өмір тәсілі, экономикалық тиімді қағидат ретінде қарап, бағалайды. Соған сәйкес түрлі іс-шаралар жүргізеді.

Біздіңше, мұның себебін барлық орында, мекемеде, құрылымда талқылауымыз керек. Іскер адамдар мен белсенді қоғам мүшелері білек сыбана кірісетін манызды жұмыстың бірі — осы.

Айтқандайын, елімізде жыл сайын 15 тамызда атап өтілетін Спорт күніне дене шынықтыруды қосу орынды деп ойлаймыз. Мұндай айтулы күн кәсіп пен ұлт саулығы үшін ғана емес, өскелең ұрпақты тәрбиелеу үшін де манызды болары сөзсіз.

Дархан МЫНБАЙ,
*Мәжіліс депутаты,
“Nur Otan” партиясы
фракциясының мүшесі*



Даму

Сапарбай ЖОБАЕВ:

БАСТЫ НАЗАРДА – ЭКОНОМИКА

Өткен аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялап, еліміздің алдағы даму жоспарын айқындап берді. Мемлекет басшысы өз ел экономикасын қайта қалпына келтіру бағдарламасына баса назар аударды. Осыған орай, біз экономика саласын ері қарай дамытуға арналған бағдарламалар жайында экономика ғылымдарының кандидаты Сапарбай Жобаевпен әңгімелестік.



Jas qazaq: Сапарбай мырза, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйек күнгі Жолдауында ең алдымен экономиканы қалпына келтіруге бағытталған бағдарламаға тоқталды. Мұның себебін іздеудің қажеті жоқ сияқты.

С.Жобаев: Президентіміздің бұл Жолдауы әдеттегідей саяси, әлеуметтік мәселелермен басталады. Бірден экономикадан басталды. Бұл нені білдіреді? Пандемияның әсерінен жер жүзіндегі экономиканың жағдайы нашарлады. Мұны Халықаралық валюта қоры, әлем банкері, бәрі айтып жатыр. 2020 жылы біздің ЖІӨ (*жалпы ішкі өнім*) 3,6 пайызға азайды. Осы жағдайдан кейін экономиканы қалпына келтіру міндеті тұрды. Қазіргі жағдайда бұл кезек күттірмейді. Биылғы жарты жылдықта отандық экономика 2,2 пайызға көтерілді деп айтып жатыр. Өткен жылы төмендеген болатын. Жыл сайын халқымыздың саны 1–1,5 пайызға көбейіп келеді. Сондықтан экономикамызға әлі де өсім керек. Кемінде 4–5 пайыз өсімді қамтамасыз ету үшін Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық банк, сондай-ақ квазимемлекеттік кәсіпорындарға тапсырма жүктеді. Шағын және орта бизнесті дамыту, адамдардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мәселесін көтерді.

Jas qazaq: Осыған қатысты нақты бағдарламалар да ауызға алынды ғой?

С.Жобаев: Иә, қазір жүзеге асып жатқан «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы», яғни шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты нақты жоспар айтылды. Осы бағдарламаларды қаржыландыру мәселесі келесі жылға ұзартылды. Биылғы көрсетілген жеңілдіктер, яғни несиеңі төмен пайызбен беру, салықтан босату сынды мәселелер келесі жылы да орындалады. Әрине, бұл біздің экономикамыздың өсуіне біраз септігін тигізеді. Еске түсірсек, 2011 жылы мемлекеттік кәсіпорынды жекешелеңдіру бағдарламасы қабылданған болатын. Ол инвесторларға сату жолымен жүзеге асырылуда. Мемлекеттік меншіктің үлесі бізде көбейіп бара жатыр. 2005–2006 жылы жалпы мемлекеттік кәсіпорындар ЖІӨ-нің 50 пайызын құрайтын. Бүгінгі күнгі үлес 54–55 пайыз. Ал дамыған мемлекеттерде шағын және орта бизнеске көп қаржы бөліп жатпайды. Оларға еркіндік беріп қойған. Жерді де, кәсіпорынды берген. Салық жағынан жеңілдіктер қарастырылған. Сондықтан ол кәсіпорын өзін-өзі әрі қарай дамыта береді.

Jas qazaq: Жолдауда айтылған тағы бір мәселе – екінші деңгейлі банктердің шағын жобаларға, ауылға арнап қаржы салмауы. Осы мәселеге сіздің пікіріңіз қандай?

С.Жобаев: Бір жағынан, несиеңі көп алып жатырмыз деп айтамыз. 14–16 трлн несие банктерден алынған. Оны кәсіпорындар мен халық алған. Екінші жағынан, ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларға банктер ақша салмайды дейміз. Бүгінгі күнде біздің банктер экономиканы жақсы қаржыландырып отыр. Үкімет пен Ұлттық банктің басты міндеті — инфляцияны 4–6 пайызға деңгейге қайтару. Дағдарысқа қарсы жүзеге асырылған шаралардың арқасында экономикада артық ақша пайда болды. Бөлінген қаржы тиімді жұмсалмай жатқан салалар бар. Сондықтан Президентіміз осы мәселелерді жіті қадағалауға, экономиканы көтеруге бағытталған нақты қадамдар арқылы ретке келтіруді тапсырды.

Jas qazaq: Еліміздегі бірқатар кәсіпорындар мемлекетке жобасын ұсынып, банктен несие алды. Ал несиеңі белгілі бір бөлігі мемлекет тарапынан өтелді. Бизнестің дамуына көрсетілген бұл қолдау мемлекет үшін тиімді ме?

С.Жобаев: Бұл былай. Мысалы, қандай да бір кәсіпорын банктен барып, 14 пайыздық көрсеткішпен несие алады. Ал «Даму» қоры 14 пайыздың жартысын төлейді. Бұл кәсіпорынның әрі қарай дамуы үшін өте тиімді. Бұны біз мемлекеттік қолдаудың бір түрі деп айтамыз. Біздің ұлттық валютамызға жауап беретін ұйым — Ұлттық банк. Инфляция деңгейін анықтайтын да Ұлттық банк. Біздегі азық-түлік пен тұрғын үй бағасының өсіп кетуі экономикадағы ақша массасының бақылаусыз өсіп кетуінде. Ал осының барлығын Ұлттық банк қадағалауы керек. Мәселен, ақша массасы көбейсе, инфляция деңгейі көтерілсе, осының барлығын Ұлттық банк реттеуі тиіс.

Jas qazaq: Жолдауда зейнетақы жинағының бір бөлігін баспана алу үшін «Отбасы банкке» аудару мүмкіндігі туралы айтылды. Одан бөлек, халыққа қолжетімді баспана беру мәселесінде де жаңа бағдарламалар қабылдануы қажет екені айтылды. Бұл тұрғын үй мәселесін шешуге сеп бола ма?

С.Жобаев: Мемлекет басшысының халықты қолжетімді баспанамен қамтуға тиімді бағдарлама жасауға тапсырма беруінің үлкен мәні бар. Бүгінде тұрғындарымыз табысының бір бөлігін тұрғын үй алуға жинауды үрдіске айналдырды. Сондай-ақ мемлекеттің белгілі бір салаларына жеңілдіктер де қарастырылған. Мұның бәрі тұрғын үймен қамту мәселесін бірден шешпейтіні белгілі. Дегенмен талай адамның баспаналы болуына септесетіні сөзсіз.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА

Экономикалық даму

«Қазатомөнеркәсіп» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ – дүниежүзіндегі ауқымды ресурстық базаның бірін игеру басымдығына ие әлемдегі ең ірі табиғи уран өндіруші. Биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, компания жоғары нәтижеге қол жеткізген.

«Қазатомөнеркәсіп» Басқарма төрағасы Мәжит Шәріповтің

айтуынша, биылғы түсім өткен жылмен салыстырғанда 54 пайызға артыпты. Ол: «Компанияның уран өндіруші кәсіпорындары үздіксіз қызметті қамтамасыз етіп, 2020 жылғы кезеңмен салыстырғанда, жоспарлы көрсеткішке қол жеткізді. Дегенмен COVID-19 әсері әлі де сезіледі. Бастапқы өндіру көлемінің қысқаруы қысқа мерзімді ұсыныс тапшылығының өсуіне алып келді. Алайда бүкіл әлемде ядролық энергияны кеңінен

шешуге, атмосферадағы, құрлықтағы және су айдындарындағы ластану мен қалдықтарды басқаруға, сондай-ақ таза технологияларды жетілдіру мен енгізуге қатысу мүмкіндігін белсенді түрде насихаттап келеді. Парадигманы ауыстыруда аса қажеттілік осуде:



жылдары «Қазатомөнеркәсіп» өзінің дәстүрлі өндіру және сату көлемін ұлғайту стратегиясын нарыққа бағыттап, қайта қарап шықты және екпінді көлемнен өнім өткізілетін құнға ауыстырды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның акционерлік капиталының 85,08 пайызы

ТАБЫСТЫ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

қолдануына қарай, біз уран өндіруді арттыруды қажет ететін нарықты көреміз деп үміттенеміз», — делі.

«Қазатомөнеркәсіп» халықаралық «жасыл» стратегияның негізгі бөлігі ретінде ядролық энергетиканы кеңінен тануды қолдайды, бұл ретте компания маркетинг және сату мәселесінде нарықтық тәртіпті сақтауды жалғастырып, ұзақ мерзімді нарықтық құндылықты құру



стратегиясын ұстанады. Атом өнеркәсібі және оның жеткізу тізбегі қазіргі уақытта мүдделі тараптар ерекше көңіл аударып отырған ESG принциптеріне қатаң сәйкес келеді. Компаниялар, соның ішінде «Қазатомөнеркәсіп» те ядролық энергияның климаттың өзгеруі мәселесін

«Париж келісінде» қойылған қажетті максаттарға қол жеткізу үшін ядролық энергетиканы халықаралық жасыл стратегияның негізгі бөлігі ретінде неғұрлым кеңінен тануды қоса алғанда, қауіпсіз, базалық, көміртексіз энергия көздерін енгізу жеделдетілуі тиіс.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі. 14,92 пайызы «Астана» халықаралық биржасы мен Лондон қор биржасында еркін айналымда», — деп атап өтті.

Компания денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерге де бей-жай қарамайды. «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорындарында өндірістік қызметті еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қазақстандық және халықаралық талаптарды сақтай отырып жүргізеді, оқыс оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша кешенді шаралар іске асырылады. Халықаралық стандарттарға (ISO 45001) сәйкес келетін еңбекті қорғау менеджменті және қауіпсіздік техникасы жүйелері енгізіліп, Компанияда барлық деңгейдегі қызметкерлер мен басшылар арасында қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Бүгінге дейін COVID-19-ға байланысты жағдай әлі де болса шиеленісіп тұрды, дегенмен індет осы кезге дейін компанияның кірісі мен жеткізіліміне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Топ есепті кезеңде сату бойынша барлық міндеттемелерін орындап шықты.

Дайындаған
Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Салық жүйесі

Бізде үй-жайын, пәтерін жалға беретіндер көп. Кейбіреулер мұны тұрақты табыс көзіне айналадырған. Біраз жыл бұрын біреудің меншігінде 60-тан астам пәтер бар деген ақпарат та шыққан. Бірақ жалға берушілер салық төлеуге келгенде кібірткіп қалады. «Пәтер менікі, не үшін салық төлеймін» деп қиғылық салады. Ал шындығында, өзге де кәсіп сияқты, жылжымайтын мүлікті жалға беру қолданыстағы заңнама аясында жүзеге асады.

Салық мекемесі бес-алты жыл бұрын қысып бергенде, біразы «көлеккеден» шыққан-тұғын. Бірақ бәрі емес. Салық төлеуден жалтаратындарды анықтау әлі де жүріп жатыр. Сондықтан тиісті салығынды төлеп, тыныш ұйықтаған дұрыс.

Үй-жайын жалға берушілер қандай салық төлеуі тиіс? Осыған қысқаша тоқтала кетейік.

Пәтерін жалға беруші жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті емес. Бұл, әсіресе, уақытша жалға берушілер үшін тиімді. Заң бойынша екі тәсілге рұқсат берілген:

Табысты декларациялау. Мұндай жағдайда пәтер иесі 10 пайыз көлемінде жеке табыс салығын төлейді. Декларация тапсыру мен төлем жасау жылына бір-ақ рет. Декларацияны салық мекемесіне 240.00 формамен келесі жылдың 31 наурызына дейін төлеу керек. Мәселен, 2021 жылы пәтерді жалға берсе, декларацияны 2022 жылдың 31 наурызына дейін өткізу керек.

Ескеретін жәйт: жеке тұлға жылжымайтын мүлігін заңды тұлғаға жалға берсе, онда 10 пайыз салық төлемі заңды тұлғаның атына тіркеледі.

Бірыңғай жиынтық төлем. Жылдық табысы 1175 айлық есептік көрсеткіштен (*АЕК*) аспайтын жандар ай сайын белгіленген соманы төлейді

(*егер белгіленген шектен аспаса*). Республикалық маңызы бар қалалар мен облыстағы қалалардың тұрғындары үшін бұл шек 1 АЕК-ті құрайды. Басқа елді мекенде тұратындар үшін төленетін сома екі есе аз — 0,5 АЕК.

Ескеретін жәйт: бірыңғай жиынтық төлем иесі пәтерін тек жеке тұлғаларға жалға бере алады. Заңды тұлғаға жалға беруге рұқсат жоқ.

Дерек: 2021 жылы бір АЕК — 2917 теңге.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕР РЕТІНДЕ ТІРКЕЛУ

Жылжымайтын мүлігін тұрақты түрде жалға беретіндер үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелген дұрыс. ЖК болып

ПӘТЕРІН ЖАЛҒА БЕРУШІ ҚАНДАЙ САЛЫҚ ТӨЛЕЙДІ?



тіркелу онай (*қазір онлайн түрде жүзеге асады*), әрі төлем мөлшері де азырақ болады. Жалға беруші қажетті салық жүйесін таңдайды. Мұнда ең тиімдісі:

Қарапайым декларация. Бұл жағдайда 3 пайыз салық төленеді, салық есебін алты айда бір рет өткізеді. Жалдамалы жұмысшы тартуға, сондай-

ақ бірнеше пәтерін жалға берушілер үшін тиімді.

Патент алу. Пәтер иесі 12 айға патент рәсімдейді де, осы мерзімдегі ықтимал табысты есепке алып, салығын төлейді. Бұл жүйенің артықшылығы салық есебін тапсырмайды және салық төлемі 1 пайыз ғана. Ескеретін жәйт: бұл жүйе жылдық табысы 3528 АЕК-тен аспайтындарға арналған. Мұнда жалдамалы жұмысшы тарта алмайды.

Салық мекемесінде тіркелмеген кез келген қызмет, соның ішінде жылжымайтын мүлікті жалға беру бизнесі заңсыз болып табылады. Әкімшілік кодексте салықтан жалтаратын жалға берушілерге тиісті санкциялар қарастырылған.

Жеке тұлға заңды сақтамағаны үшін алғашқы кезде ескерту алады. Одан кейін

жыл бойы салық мекемесіне есебін тапсырмаса, 15 АЕК көлемінде айыппұл төлейді. Бұл сома 30 күнтізбелік мерзімде төленуі тиіс. Әкімшілік кодекстің 463-ші бабында қомақты айыппұл да қарастырылған: 25-тен 150 АЕК. Егер жалға беруші белгіленген айыппұлды мерзімінде төлей алмаса, мемлекеттік кіріс органдарына айыппұл төлеу мерзімін шегеру жөнінде өтініш бере алады.

Қалай болғанда да, заңды бұзбаған абзал. Тек сонда ғана айыппұл қаттаны қақпайды. Мұның тағы бір тиімді жағы: салық төлеуші міндетті медициналық сақтандыру және зейнетақы жинақтау жүйесінен сырт қалмайды.

Талап ТІЛЕГЕН

Бүгінде Алматы облысында «Талдықорған», «Береке», «Арна», «Боралдай», «Қазыбек бек», «Қайрат-б» индустриалды аймақтарында ірі жобалар жүзеге асырылып, ел игілігін еселеп жатқанынан жұрт хабардар. Жалпы Алматы облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын жүзеге асыруға 3,5 трлн теңге қарастырылған, оның 2 трлн 300 млрд теңгесі – бюджеттен, 1 трлн 200 млрд теңгесі – жеке қаражат. Облыс экономикасының одан әрі дамуы және өсуін қамтамасыз ету үшін Алматы облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы қабылданды.

Бүгінгі таңда облыстың инвестициялық портфеліне 5,4 трлн теңгеге 546 жоба енгізілді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 2021-2025 жылдары төрт жарым мың жұмыс орнын құра отырып, инвестиция көлемі 690 млрд теңге болатын 37 жоба іске асырылады. Олардың арасында трансұлттық компаниялардың қатысуымен

шаршы метрден асады. Жүзу бассейнінің құрылысына 11,4 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалды. Мұндай әсем де, әдемі, зәулім спорттық нысанның бой көтеруі – ел экономикасы дамуының айқын көрінісі. Жабық бассейннің жалпы ауданы 27 мың шаршы метрді құрайды. Онда әлемдік



ӘРІПТЕСТІК – ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы жүзеге асырылатын ірі жобалар да бар.

Атап айтқанда, Іле ауданында ұсақ малды терең өңдейтін «Жетісу кой», Қапшағай қаласында ірі қара мал етін өңдейтін «Тайсон фудс», Кербұлақ және Ұйғыр аудандарында «Прима құс», «Кәусарагро» құс фабрикалары, Еңбекшіқазақ ауданында «Жетісу вольфрамы» кен өңдеу зауыты, Сарқан ауданында «Kunkuat» жел электр стансасының құрылысы сияқты жобалар бар. Соның нәтижесінде шикізаттық емес экспорт көлемі жыл сайын 8%-ға, өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 6%-ға артады.

Елорда төрінде журналистердің сұрағына жауап берген облыс әкімі Амандық Баталов: «*Нұрлы жер*» бағдарламасын жүзеге асыру жалғасуда. Мәселен, биыл 1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарланған. 2603 пәтерлік 521 тұрғын үй салынып жатыр, соның 1212-сі көпбалалы отбасыларға



берілмек. Сонымен қатар жеңілдіктер қарастырылған «7-20-25», «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ 5-10-20» бағдарламаларымен 1986 отбасы пәтерлі болмақ. Сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынып жатқан нысандар да ел игілігін асыратын болады», — деген еді. Бүгінде аталған жұмыстың дені орындалып, атқарылған істің игілігін жерлестеріміз көре бастады.

БАЛАМАСЫ ЖОҚ БАССЕЙН

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Жетісу жерінде бой көтерген ең ірі нысандардың бірі ретінде Талдықорған қаласындағы олимпиадалық типтегі жабық жүзу бассейнін айтуға болады. Жоба мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында жүзеге асырылды, ал оның іске асырылу барысын облыс басшысы жеке өзі қадағалады. Іргетасын қалаудан бастап, іргелес аумақты абаттандыруға дейінгі жұмыстардың барлығы аймақ басшысының назарынан тыс қалған жоқ.

Нысанның ашылу салтанатында өңір басшысы Амандық Ғаббасұлы: — Елбасы мен Президенттің еліміздегі спортқа көңіл бөлу туралы тапсырмаларына сәйкес бүгінде Алматы облысында 13 дене шынықтыру сауықтыру кешені жұмыс істеп тұр. Бүгін, міне, әлемдік стандартқа сай, Орталық Азияда теңдесі жоқ жүзу бассейні салтанатты ашылуда. Бұл нысан өскелең ұрпақты спортқа баулуға үлкен серпін береді және осы жерден еліміздің данқын шығаратын мықты спортшылар тәрбиеленіп шығады деп сенемін. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай іске қосылып отырған жүзу бассейні құтты болсын! — деп індет жағдайында нысанның құрылысын жауапкершілікпен, сапалы жүргізген құрылыс компаниясының ұжымына шынайы ризашылығын жеткізген болатын.

Аталған ғимарат қаланың төрінде 3,8 гектар жерге қанатын жайды. Бұл ғимараттың жалпы ауданы 13 мың

стандарттарға сәйкес келетін 3 бассейн бар. Олардың бірі — ұзындығы 50 метр, жүзу, аквааэробика, су добы және синхронды жүзу бойынша оқу-жаттығу сабақтарына арналған. Ал екіншісі биіктігі 5-тен 10 метрге дейін суға секіру үшін жасалған. Онда республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар өтеді, оларды амфитеатр түріндегі мінбелерден 500-ден астам адам бақылай алады.

Сарапшылардың айтуынша, ғимараттың сәулеті көрермендер жүзушінің әр қимылын қадағалай алатындай етіп жоспарланған. Мұнда ватерполо мен синхронды жүзуден қалалық және облыстық командалар құрылады. Осылайша, спорттың су түрлері бойынша болашақ чемпиондарды тәрбиелеу жолында біршама жұмыстар атқарылады. Күніне бассейн 750 адамға дейін қабылдай алады.

Қазіргі таңда бассейн болашақ спортшыларды қабылдай бастады. Нысанға үмітін үкілеп келген әрбір жас сәулеті мен салтанаты жарасқан ғимаратқа қарап таңдай қағады.



Орталық Азия елдерінде баламасы жоқ осындай ғимарат болашақта ел намысын қорғайтын, Жетісудың данқын аспандататын талай спортшының бағын ашатыны анық. Ал сол таланттар өз кезегінде болашағына жарқын жол ашқан осындай ғимарат тұрғызуға қолдау танытқан ел ағалары мен ғимаратты салуға барынша үлес сіңірген құрылысшыларға алғыстарын айтатын болады.

Облыс әкімі Амандық Баталов бірқатар құрылыс компаниясы мен инвесторларды қабылдаған кезде: «*Біз сіздерді біраз жылдан бері білеміз. Бұрындары компанияларыңыз облыста болмаған. Енді, міне, сіздердің құрылысшыларыңыздың еңбегімен облыс орталығында небір көз тартарлық әдемі ғимараттар бой көтеріп, қала әнін кіргізуде. Мәселен, жаңа салынған жүзу бассейнінің өзі шаһарға қандай керемет көрік беріп тұр*», — деп еді.

ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНА

Қазір халық денсаулығының сапасын арттыру — негізгі мәселенің бірі. Бүгінде бүкіл әлемнің бас ауруына айналып отырған коронавирусты

қоса алғанда, қатерлі ісік пен жүрек-қан тамырлары аурулары да асқынып тұрғанын жасыруға болмайды. Сондықтан аймақтарда жұртты жиі мазалайтын қауіпті аурулар дер кезінде анықталып, емдеуге баса назар аударылып, осы бағытта мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде тиісті қадамдар жүзеге асырылуда.

Соның бір айғағы ретінде «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында Алматы облыстық Денсаулық сақтау басқармасы мен «KLM ОЛИМП» ЖШС компаниясы және QDLY MEDICAL GROUP ЖШС арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Талдықорған қаласында ашылып, халыққа қызмет көрсетуге кіріскен DiVera медициналық орталығы мен орталықтандырылған медициналық зертханасын айтуға болады.

Жобаның мақсаты — сапалы зертханалық зерттеулерді жүзеге асыру арқылы сырқаттардың ауруларын дер кезінде анықтап, емдеу бойынша халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету. Құны 720 миллион теңге болған жобаның арқасында жылына 1,5 миллионнан астам зерттеу жасауға мүмкіндік туады.

Медицина саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті белсенділікпен енгізу мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіруді ынталандырады және мемлекеттік емес ұйымдармен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуді барынша кеңейтеді. Ал бұл өз кезегінде әлеуметтік медициналық сақтандыру шартына сай алғашқы медициналық-әлеуметтік көмекті қаржыландыру арқылы бәсекелестікті қалыптастырып, көрсетілетін қызметтердің ашықтығын, сапасын, қолжетімділігін қамтамасыз етуге жол ашады.

Қазір еліміздегі онкологиялық аурулар ішінде сүт безінің қатерлі ісігі жалпы құрылымда 2-орында орналасса, әйелдердегі онкологиялық аурулар арасында 1-орында тұр. Облыс орталығында ашылған DiVera

медициналық орталығы бірінші кезекте сүт безі қатерлі ісігін зерттеуге қатысты қызмет көрсетеді. Сонымен қатар гинекологтің, педиатрдың, терапевтің және тағы басқа маман дәрігерлердің қабылдауын жүзеге асырады. Кез келген ауруды алдын ала анықтау мен дер кезінде емдеудің тиімділігі айтпаса да түсінікті. Соған сай ең соңғы үлгідегі заманауи Fujifilm Amulet Innovality аппаратымен жабықталған DiVera медициналық орталығы облыс пен Талдықорған қаласындағы сүт безі қатерлі ісігінің кешенді диагностикасын жүргізетін бірден-бір орталық.

Қысқасы, облыс экономикасының өсуіне, елді мекендердің дамуында, халыққа қызмет ететін заманауи нысандардың көптеп бой көтеруіне мемлекеттік-жекеменшік әріптестік қомақты үлесін қосып келеді.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

Мемлекет/
жекеменшік

ЕКІ ТАРАПҚА ДА ПАЙДАСЫ КӨП

12 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында білім беруде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудың маңыздылығына тоқталып, білім беру инфрақұрылымына инвестицияларды тартуды арттыру қажет екенін атап өткені есімізде. Осы тапсырманы іске асыру бойынша Шымкент қаласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік табысты жүзеге асып жатыр. Биылғы жана оқу жылында қалада 20 жана мектеп ашылып, 2 мектептің қосымша корпусы аяқталды. Осылайша мегаполисте апатты мектептер жойылып, үш ауысымды мектептер саны 14-тен 9-ға азайды. Жыл соңына дейін тағы 4 жана мектеп ашылады. 2023 жылға дейін қалада үш ауысымды мектеп мәселесі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы толық шешілмек.

Шымкент қалалық білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиеваның айтуынша, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында мектептер видео бақылау жүйесімен жабықталып, турникеттер қойылып, дабыл батырмалары орнатылған, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жастар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Жана модификацияланған жабықтармен қамтамасыз ету мақсатында 263 кабинет, 178 интерактивті такта орнату жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, жана модификацияланған жабықтармен қамтылған пән кабинеттер үлесі 32,5%-дан 65%-ға жетті. Бұл жұмыстар жалғасын табатын болады.

«2021-2025 жылдар аралығында сапалы білім беруге жағдай жасау мақсатында мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында күрделі жөндеу 4 нысанда жүргізілді және 28 мектептің



ауласына спорт аландары орнатылды. Қысымдау жұмыстары 258 мемлекеттік білім ұйымында 100 пайыз аяқталды», — деді басқарма басшысы.

Шымкент қалалық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» фракциясының мүшесі Төрәайым Сұлтанова мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобасының шаһар шаруашылығына әкелер пайдасы көп екенін айтады.

«Шымкент республика бойынша халық көп шоғырланған, демографиялық көрсеткіші жоғары мегаполис. Дегенмен осыдан он жыл бұрынғы уақыт пен қазіргі кезеңді салыстыруға келмейді. Ол кезде қалада мектеп пен балабақша жетіспейтін. Оқушылар үш ауысымда, бір сыныпта 45-50 балаға дейін оқыған кездер болды. Бір мұғалім елу балаға қандай білім береді? Қалада балабақша өте аз болды. Қазактын көбейгеніне куанамыз. Әрбір дүниеге келіп жатқан балаға тиісті жағдай жасау, бүгін мен болашақтың қамын күйттеу — басты міндетіміз. Кезінде мектеп, балабақша, аурухана салуды жеке инвесторларға беру туралы ұсыныс білдірген едік. Қазір білім беру ұйымдарының мәселесі мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында ақырындап шешімін тауып жатыр», — дейді Т. Жолдыбайқызы.

Шымшаһардағы жана мектептер құрылысына жеке инвесторлар мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жүйесі кенінен тартылуда. Алдағы бес жылда қалада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 12, ал жеке инвестормен 40 мектеп салынбақ. Алдағы үш жылда Шымкентте үш ауысымды мектеп мәселесі толық шешіледі.

ЖАРЫҚШАМДАР ОРНАТАДЫ

Шымкент қалалық энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы құрылысы қарқын алған Тұран шағынауданында қалалық инфрақұрылымды дамыту міндетін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында орындауға кірісіп кетті. Осы бағытта биыл шағынауданда 13 көшеге асфальт төсеу, аяқжолдар салу жұмыстары басталған.

Инженерлік инфрақұрылым жүйелерімен қамту бойынша Қызылжар тұрғын алабын, бір мың төсек орындық клиника салынатын аумақты және «Жұлдыз» индустриалды аймағының инженерлік инфрақұрылымын салу жобалары қолға алынған. Оның ішінде Қызылжар тұрғын алабында ауыз су, газ, байланыс желілері тартылып, тұрғын алапта қалалық орта қалыптасады.

Қала көшелерін абаттандыру мәселесінде көшелерге электр жарығын орнату жоспарланған. Қазіргі таңда қаладағы әлеуметтік маңызы бар 747 көшенің 220 көшесіне ғана жарықшамдар орнатылған. Биыл 324 көшеге жарықшамдар орнату, ескі жарықшамдарды ауыстыру жұмыстарын атқару көзделген. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде 104 көше бойынша іскерлік орта өкілдерімен келісімшарттар түзілген. Қазіргі таңда бұл жұмыстар 31 көшеде атқарылды.

2021-2023 жылдары көшені жарықтандыру мен оны күтіп ұстау бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 16,4 млрд теңгеге бірқатар жобалар жүзеге асырылады. Жоба аясында 312 көше жарықтандырылып, энергия үнемдейтін LED шамдар орнатылмақ. Атап айтқанда, Абай ауданындағы 83 көше, Әл Фарабидегі 42 көше, Еңбекшілері 89 көше, Қаратаудағы 98 көше жарықтандырылады. Нәтижесінде, қаланы түнгі жарық шамдармен қамту көрсеткіші 70 пайызға жететін болады.

Айта кетерлігі, қала көшелерін жарықтандыруда бірінші кезекте шағынаудандардағы әлеуметтік нысандар орналасқан (мектеп, емхана, балабақша және т.б), орталық маңызға (қоғамдық көлік қатынайтын) ие көшелерін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша қамту жоспарланып отыр.



Мәриям АЙТБАЙ, Шымкент қаласы

Жаппай кәсіпкерлік

КӘСІПТЕН
НӘСІБІН ТАПҚАНКОНДИТЕРЛІК ӨНІМ
ӨНДІРЕДІ

Әдинахан Ахмалқызы Нарованың отбасында 6 адам: өзі және 5 баласы. 2019 жылдың тамыз айында жұмыспен қамту орталығына келіп, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушы болып тіркелді.

Бағдарламаның 2 бағыты шенберінде 200 АЕК немесе 555 600 теңге мемлекеттік грант



алды. Кәсіпкер ретінде салық органында тіркеліп, берілген қаржыға үй жағдайындағы кондитерлік өнімдерді дайындайтын құрылғыларды (*миксер, пеш және т.б.*) сатып алды.

Қазіргі таңда каладағы азық-түлік дүкендерге тапсырыс ретінде кондитерлік өнімдерді дайындап, өнімді сатуда.

ЖИҢАЗ ШЫҒАРАТЫН
ЦЕХ

Шымкент қаласының тұрғыны Гүлжазира Рысқұлова – мемлекет ұсынған мүмкіндікті тиімді пайдаланған кәсіпкерлердің бірі. Былтырғы жылдың шілде айында 21 күндік «Бизнес бастау» оқу курсын аяқтап, сертификат алған соң, «Жиһаз жасау ісі» бойынша комиссияға өз жобасын ұсынды. Жобасы мақұлданып, 200 АЕК көлемінде қайтарымсыз мемлекеттік грантқа ие болған.

Бөлінген қаражатқа керекті құрал-жабдықтарын сатып алып, қазіргі таңда тапсырысқа түрлі үлгіде жиһаздар жасауда. Сұраныс көп. Төрт баланың анасы бұл



жетістігімен шектелмей, алдағы уақытта жиһаз шеберханасын дамыту жоспарлары да бар. Енді ол 6 пайыздық несие алып, кәсібін кеңейтпек.

ІСМЕРЛІКПЕН ІС
БАСТАҒАН

Шымкент қаласының тұрғыны Рахат Мамбекова былтыр 21 күндік «Бастау бизнес» жобасы аясында оқу курсын аяқтап, сертификатқа ие болған.

Кейін Рахат «Тігін ісі» бойынша комиссияға өз жобасын ұсынып, нәтижесінде 555 650 тг көлемінде грантқа қол жеткізді. Қазір ол қаражатқа керекті құрал-жабдықтарын алып, қазаки нақыштағы түрлі кимешек, камзол тігіп, сатылымға шығарып отыр. Бүгінгі таңда Рахаттың тауарлары сұранысқа ие.

«ҚҰЙМАЛЫ
БАЛМҰЗДАҚ»

Шымкентте «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының арқасында жұмыссыздар саны азайып, кәсіп ашқандардың саны артып келеді. Олардың қатарында аталған бағдарлама шеңберінде арнайы курстарда оқып, 200 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз грантты жеңіп, кәсіп ашқандар бар.

Биыл мемлекеттік грантқа қол жеткізген қала тұрғынының бірі – Севдиор Ихтиярұлы. Ол өткен жылы қалалық халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркеліп,



21 күндік «Бизнес бастау» кәсіпкерлік негіздерге оқытуға жолдама алған. Оқу аяқталысымен, қолындағы сертификатымен биыл мемлекеттік грантқа өтінім беріп, «құймалы балмұздақ» ісі бойынша бизнес жоспарын әзірледі. Нәтижесінде комиссия жобасын мақұлдаған. 583 400 теңгелік грантқа қол жеткізіп, қажетті құрал-жабдықтарды сатып алған. Бүгінде күніне 200-ден астам дана балмұздақ сатып, ісін дөңгелетіп отыр.

«Шымкенттің ыстық маусымында балмұздақ сату тиімді іске айналып отыр. Қала тұрғындарының да сұранысы артып, мемлекеттен алған қаражатқа шағын құймалы балмұздақ сататын дүкен аштым. Алдағы уақытта ісімді кеңейтемін деген ойдамын», — дейді 28 жастағы бағдарлама қатысушысы.

Айта кетсек, былтыр 4828 адам мемлекеттік грант алды. Оның ішінде 407-сі көпбалалы отбасы мүшелеріне, 2122-сі аз қамтамасыз етілген отбасыларға, 29-ы мүгедек азаматтарға, 1075-сі жастарға және 1195-і өзге санаттағыларға берілді. Биыл 600 азамат грантқа қол жеткізіп, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруда.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Мәселе

Жаңа оқу жылы басталысымен алып шаһар Алматыда тіршілік қайта жанданғандай. Оқушылар мен студенттер дәстүрлі форматқа ауысып, қаламыздың халқы бірнеше мыңға көбейді. Олай дейтінім, бүгінде қоғамдық көлікте де ығы-жығы адам, қала көшелерінде де көптеліс байқалады. Одан бөлек, Алматының «Жетім бұрыш» ата-лып кеткен Мақатаев пен Қонаев көшесінің қиылысында тіршілік жанданып-ақ тұр. Мұнда жалдамалы пәтер іздеген ата-аналар мен студенттердің қарасы көп.

Алматыдағы жалға берілетін пәтер құнының қымбаттағаны студенттерге ауыр тиіп жатыр. Біз жарнама бұрышынан пәтер іздеп жүрген студенттерді әңгімеге тарттық. Өзін Рахым деп таныстырған студент Түркістан облысының тумасы екен. Ол биыл Алматы энергетика және байланыс университетінде 3-курста оқиды. Алғашқы жылы университеттің жанынан достарымен пәтер жалдап тұрыпты. Былтыр оқу онлайн болып, сабақты ауылында оқыған. Енді дәстүрлі форматқа ауысқан соң, биыл да пәтер жалдап тұруға мәжбүр. Өйткені жатақханада орын жоқ. Әңгіме барысында Рахым бізге былай деді: «Бірінші курста 4 адам бір бөлмелі пәтерді 60-70 мыңға жалдап тұрдық. Ол кезде коммуналдық шығын да

сайын тамыз бен қыркүйекте көтеріп жібереді. Оның үстіне, студенттердің көптігі де бағаға әсер етеді екен. Биыл пәтердің бір шаршы метрінің құны 30 пайызға дейін өскен. Ол: «Бүкіл нәрсенің бағасы өсіп жатыр. Сол үшін де пәтерлердің бағасы да өсті. Өйткені нарықта сұраныс көп. Соған қарап та оның бағасы көтеріліп жатыр», — дейді.

Қыркүйек айындағы қарбаласты пайдаланып, студенттерді сан соқтырып кететіндер де бар көрінеді. Мұндайлардың арбауына шымкенттік студент те түскен екен. Өзін Ақжарқын Әлиева деп таныстырған бойжеткен ҚазҰУ-дың механика және математика факультетінің 3-курс студенті екен. «Құрбым екеуіміз 1-курста пәтер іздеп жарнамада жазылған нөмірге хабарластық. Ол

ЖЕТІ СТУДЕНТ БІР БӨЛМЕГЕ
ҚАЛАЙ СЫЯДЫ?

аз еді. Биыл университетке жақын маннан бір бөлмелі пәтерді 180 мыңға әрең таптық. Басқа аудандардан жалдайық десек, күнделікті жол шығыны бар. Пәтер иелері де кейінгі кезде «интернет, еуроремонт» деген сынды сылтаумен бағаны қымбаттатқан. Қазір бір бөлмеде 7 адам тұрамыз. Кейбірі жұмыс істейді. Түнгі ауысымда жұмыс істейтіндер бар. Бірақ пәтер иесіне төрт адам деп келістік. Сондықтан алда-жалда тексеріп қалмаса екен деп сәк жүреміз. Ата-анамызға да салмақ салғымыз келмейді. Бүгін ауылдан оқуға келген інілерімізге пәтер іздеп жүрміз. Оларға да оқуына жақын, әрі ақшасы да тиімді пәтер іздестіріп жатырмыз», — деді.

Алматыда пәтер жалдау тым қымбат. Баға үйдің орналасқан жеріне, салынған жылына және баспананың жағдайына қарай қойылады. Мәселен, бір бөлмелі пәтерді жалға алу құны 100 мыңнан басталып, 600 мың теңгеге дейін барады.

Алматы қаласы жылжымайтын мүлік агенттігінің маманы Алтайбек Жаналиновтің айтуынша, үй иелері жалға беру құнын жыл

бізге үйді көрсетіп, алдын ала 30 мың теңге төлеп кетуімізді сұрады. Біз ақшасын беріп, кешке көшіп келеміз деп келістік. Кешке келсек, басқа бір отбасына өткізіп жіберіпті. Ал бізден ақша алған жігіт ұшты-күйлі жоқ. Сол үшін мен 1-2-курс студенттеріне Алматыға жанадан келгенде, бейтаныс компанияларға, риэлторларға жүгінбеуді ескертемін», — дейді.

Біз студенттердің жатақхана мәселесінің қалай шешілетіндігін сұрап, білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметіне хабарластық. Министрліктің баспасөз қызметі сауалымызға «жақын күндері міндетті түрде жауап береміз» деп уәде берді.

Ал жылжымайтын мүлік саласындағы сарапшы пәтерді жалға беру бағасы Алматыда көтерілмесе, түспейтінін айтады. Өйткені қалада 40-қа жуық жоғары оқу орны бар. Жыл сайын мыңдаған студент алып мегаполиске келіп, жалдамалы пәтер іздейді. Ал үй иелерінің осындай кезде баға көтеруі қалыпты жағдайға айналып бара жатқанға ұқсайды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Игі бастама

Түркістан облысы Арыс қаласының іргесіндегі Оңтам елді мекенінің жұртшылығы үшін жағымды жаңалық. Мұнда биыл ауыл оқушылары үшін жаңа мектептің ғимараты бой көтереді. Жоба мемлекеттік-жекменшік өріптестік шеңберінде жүзеге асады. Білім ошағын жеке кәсіпкер Клара Нұрманова жергілікті әкімдіктің қолдауымен салып жатыр.

Мектептің іргетасын қалау рәсіміне Арыс қаласының әкімі Гүлжан Құрманбекова мен мәслихат хатшысы Амантай Байтанаев және ауыл аксақалдары қатысты. Құрылыс нысаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген тапсырмаларды жүзеге асыру аясында қолға алынып отыр.



Арыс қаласының әкімі Гүлжан Құрманбекова: «Президентіміз күні кеше ғана халыққа арнаған Жолдауында «мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды да тартқан жөн» деп атап өткен болатын. Мінекей, біз бүгін Оңтам ауылында ұзақ жылдар бойы шешімін таппай келген мектеп мәселесін

ӘРІПТЕСТІКТІҢ
ІГІ ӨНЕГЕСІ

түпкілікті шешуге бір қадам жақындай түстік. Жеке кәсіпкер Клара Нұрманованың өз қаражаты есебінен 150 орындық мектеп салып беру бастамасын қолдап, қуаттап, әкімшілік тарапынан жер мен өзге де қужаттандыру мәселесіне қатысты түйіндерді жедел шештік. Ел игілігі жолында осылайша ынтымақтаса, еңбек етсек ісіміз ілгерілейтіні сөзсіз», — деді.

2,5 гектар шамасындағы аумақты алып жатқан мектеп маңында спорт алаңы да салынатын болады. Жергілікті 50 азаматты жұмыспен қамтитын құрылыс нысаны 2023 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Десек те, мердігер компания нысанды алдағы оқу жылында толық бітіріп, пайдалануға беруді көздейді.

Бүгінде Оңтам ауылында «Ынтымақ» атындағы шағын жинақты бастауыш мектеп қана бар. Ол жерде 1-4-сынып аралығындағы 50 бала білім алады. Ал 5-11-сынып аралығындағы 42 бала Ақдала ауылындағы С.Ерубаев атындағы мектепке тасымалданады. Жалпы алғанда, ауыл тұрғындарының саны 500-ге жуық болса, оның 105-і мектеп жасындағы балалар. Алдағы уақытта жана мектеп ашылса, ауыл балалары көрші ауылға бармай, өз ауылында білім алатын болады.

Ғалия ҚАЛИЕВА

Кәсіптің көзін тапсаң

Әлемді індет жайлағалы түрлі өзгерістер орын алды. Бұл кесел экономикаға да әсерін тигізбей қойған жоқ. Бірақ ел білігі бұл мәселенің де шешімін тапты. Ол – шағын және орта кәсіптің өрісін кеңейту. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 2025 жылға қарай 35%-ға дейін, ал жұмыспен қамтылғандардың саны 4 миллион адамға дейін көбеюі керек. Бұл осы саланы дамытуға бағытталған жұмыстардың басты нәтижесі болмақ» деген болатын.

ТАБИҒИ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС КӨП

Ел ішінде карантин кезінде кәсіп ашқандардың саны көбеймесе, азайған жоқ. Сатыбалдиндер отбасы да сондай тәуекелге барды.

Адам ағзасына зияны жоқ тәттіні жасаудың жолы қарапайым. Жанғақ пен кептірілген жемісті балмен араластырып «ассорти» жасайды. Нұржан Сатыбалдин: «Мұндай ассортиді Қырғызстанға барғанда көрдім. Өзіміздің елге келгенде базардан да, дүкендерден де дәл осы өнімді таба алмадым. Содан бірден «Неге мұны жасамасқа?» деген ой келді. Алғашқы өнімдерді өзім жұмыс істейтін базарда сата бастадым. Дегенмен сапа сертификаты болмағандықтан, киындықтар да кездесті. Сөйтіп «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының жұмыспен қамту орталығы арқылы грантка қатысуға мүмкіндік алдық», — дейді.

Кез келген шаруаны бастағанда бірден өрлеп кетпейтіні анық. Бұл туралы Рымгүл Сатыбалдина да айтып өтті: «Бизнестегі алғашқы қадамым — «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында мемлекеттік грантка қатысқаннан басталды. Ұтып алған қаражатқа шикізат пен жабдықтар және өнімге сапа сертификатын алдық. Кейіннен Қарағанды мен Жезқазған қалаларындағы үлкен сауда дүкендерімен



өнімді жеткізу бойынша келісімшартқа отырдық».

Өнімнің қарағандылықтарға ұнағаны анық. Себебі аталмыш тәттіге деген сұраныс

артқан. Осыған байланысты айналымдағы қаражатты толтыру үшін осы жылдың ақпанында 17,5 пайыз мөлшерлемесімен несиесі алған. «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы арқылы 11,5 пайызын мемлекет субсидиялайды. Ал қалған 6 пайызды кәсіпкер өзі өтейді.



Қарағандылықтардың көңілінен шыққан отандық өнімнің құрамындағы заттардың бәрі табиғи. Құрамына кіретін киви, грек жаңғағы, өрік-мейіз,

інжір және бадам жемістері балға араластырылады да ассорти жасалады. Қазіргі күні Қарағанды өңіріндегі дүкен сөрелерінде осы тауардың түр-түрі сатылуда. Кәсіпкердің айтуынша, Екібастұз, Павлодар және Нұр-Сұлтан қалаларынан да тапсырыс жиілеген.

Жергілікті тұрғындарға енді таныла бастаған өнімді елдің бәрі біле бермейді. Ал білетіндер тек мақтайтын көрінеді. Жезқазған қаласының тұрғыны Қасым-Жомарт Көбейсін де мақтаушылардың қатарынан табылды. «Дәл мұндай ассортиді алғаш тұтынуым, бұрын мүлдем дәмін татып көрмеген екенмін. Барлығы табиғи зат болғандықтан, еш күдіксіз қолдана беруге болады. Бағасы да айтарлықтай қымбат емес, қолжетімді. Сыйлық ретінде ұсынуға әбден лайық. Менің ойымша, қазір коронавирус инфекциясының қатты таралып жатқан

кезеңі болғандықтан, осындай табиғи өнімдерді жеген әлдеқайда пайдалы. Ең бірінші денсаулыққа берері көп, ал екіншіден, отандық өнімді қолдау әр азаматтың міндеті деп ойлаймын», — дейді ол.

Үлкен жетістіктің кішкентай қадамын басталатынын ұмытпасақ, бизнесте де дәл солай. Шағын ғана кәсіп болып басталған кейбір игі істердің үлкен шаруаға айналып жатқандарын да көзі ашық жан жасық біледі. Елімізде шығарылатын әр затты қолданудың өзі сол өнімнің дамуына, танымал болуына әсерін тигізбей қоймайды. Отандық өнімді өсіретін де, өшіретін өзіміз екенін әр сәт еске алғанның артықшылығы жоқ. Мемлекеттің өзі қолға алған мұндай жобаның болашақта пайдасы артпаса азаймайды. Сөйкесінше, әр кәсіпке деген қызығушылық артып, бәсекелестік пайда болады.

Қарағандылық өнімнің де сапасы, оған деген сұраныстың артуы көңіл қуантады. Ал Сатыбалдиндер отбасының ендігі мақсаты — балаларға арналған ассорти түрін жасау. Тек ол емес, өндіріс қуатын арттыруға арналған құрал-жабдықтарды да алып, еліміздің басқа да қалаларына отандық өнімді жеткізуді жоспарлап отыр.

Мәулен ЖЕКСЕНЫ

Игі іс

Еріктілік – көң ұғым. Елімізде еріктіліктің дамып, күн сайын әлеуетінің артуы қуантады. Біздегі еріктілік қандай деңгейде? Жастардың ерікті болуға құлшынысы қандай? Бұл туралы Шымкенттегі Y-PEER Kazakhstan еріктілер орталығының мүшесі Әмина Жұмамұраттан сұрап білдік.



еріктілер театрландырылған қойылым арқылы жастарға пайдалы контент жасап, олармен бетпе-бет кездеседі. Өткір және өзекті мәселелерге отбасы мүшелерін қатыстыруды, бірге зерттеуді, бірге емделуді талап етеді. Бұл шаралар пандемия кезінде де зерттелді. Сонымен қатар тренингтер өткіземіз. Танымал блогерлермен сұхбаттасу сынды мотивациялық

Jas qazaq: Қатарларыңызға қосылғысы келетіндерге жас жағынан немесе басқа да шектеу бар ма? Әлде кез келген адам сіздерге ерікті ретінде қосыла ала ма?

Ә.Жұмамұрат: Қатарымызға қосылып жатқан жастарға ақылын айтып, үлгі көрсететін жасы үлкен еріктілеріміз бар. Біз оларды жасына қарай бөлмейміз. Бұл ерікті боламын деген адамды қуана-қуана қатарымызға аламыз. Бүгінде

Әмина ЖҰМАМҰРАТ:

БІЗДІҢ ЖАСТАР БЕЛСЕНДІ



Jas qazaq: Әмина ханым, Y-PEER Qazaqstan еріктілер орталығы қашан құрылды? Орталықтың жұмысына аз-кем тоқтала кетсеңіз.

Ә.Жұмамұрат: 2003 жылы Шымкент қаласында Қазақстан іскер әйелдері қауымдастығының жанынан «жастар» еріктілер қанаты болып ашылып алғашқы шараларымызды бастаған болатынбыз. Өсе келе, 2010 жылы «Достар» еріктілер орталығы болып ресми түрде үкіметтік емес ұйым болып тіркелдік. Ал биылдан бастап Y-PEER Qazaqstan қоғамдық қоры боламыз. Біздің мақсатымыз — жасөспірімдерге және олардың денсаулығына деген көзқарасты өзгерту. Оларды дұрыс ақпараттандыру арқылы жақсы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Жастарға білім беру, адам құқығын дамыту, оның ішінде жастардың көшбасшы болу дағдысын дамытуға баса назар аударамыз. Салауатты өмір салты, репродуктивті өмір салтын сақтау, адам құқықтары, гендерлік теңдік, зорлық-зомбылықтың, нашакорлықтың алдын алу сынды мәселелерді көтереміз. Жұмысымызда



«Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Қайырымдылық пен мейірімділік – қанымызға сіңген қасиет. Қазақта асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіні сөзсіз. Сондықтан сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет».

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Ә.Жұмамұрат: Біздің негізгі жұмысымыз — ақпараттандыру. Одан бөлек, біз өз жұмысымыздың тиімді іске асырылуын жіті қадағалаймыз. Біздің орталықта «форум-театр» жиі ұйымдастырылады. Біздің

кездесуге кез келген адам қатыса алады. Біздің тренингтер пандемия кезінде тоқтап қалған жоқ. Пандемия онлайн-конференция сынды жаңа үлгідегі бағдарламалармен тез әрі тиімді жұмыс істеуге үйретті. Бірнеше қалада біздің жұмысымызды қадағалап, талқылап, өз ойларын ортаға салып отыратын арнайы чатымыз бар. Бүгінде осындай онлайн формат әр түрлі мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Дәл осы пандемия кезінде БҰҰ халық қоныстануы бойынша қоры

бізде 20-дан астам ерікті білімін жетілдірді. Бізге жаңадан келген ерікті кемінде, бес күннен кейін барып қатарға қосылады. Ең алдымен, ол біздің ұйымның тренерлері беретін сабақтан дәріс алуы керек. Осылайша жұмыстың қыр-сырын үйренеді.

Jas qazaq: Бізде еріктілік бірте-бірте дамып келеді. Еліміздегі волонтерлік жұмысқа қандай баға берер едіңіз?

Ә.Жұмамұрат: Бізде еріктіліктің дамып келе жатқандығы қатты қуантады. Өйткені қазір жастар өте белсенді. Ең алдымен, еріктілер қатарын көбейту үшін, біз еріктілікті трендке айналдыруымыз керек. Мысалы, шетелде жұмысқа орналасқанда немесе оқуға түскенде үміткердің ерікті ретінде атқарған жұмысы іріктеуде үлкен рөл атқарады. Y-PEER -, бұл жастарға арналған халықаралық еріктілер желісі. Қазір тәжірибе алмасу үрдісі жалғасын тауып жатыр. Біздің жастар өте белсенді, жігерлі, жалынды. Сондықтан еріктілер қатары жыл сайын көбеймесе, азаймайды. Ал ерікті боламын деген әрбір жасқа сәттілік тілеймін.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Көкімек

«Білім – ырыс қазығы». Осы бір аталы сөз білім құған әрбір жасқа талапыныс сыйлайды. Біздің елімізде білім аламын деген жасқа барлық мүмкіндік жасалған. Әсіресе, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының жастар үшін маңызы зор. Әрбір жастың дамуына, білім алуына, жеке тұлға болып қалыптасуына септігін тигізетін бағдарлама жайында көпшілікпен бөліскім келді.

БІЛІМ – ЫРЫС ҚАЗЫҒЫ

«Мен өзімді Қазақстанның азаматы ретінде бақытты сезінемін». Оның бірден-бір себебі — мемлекетіміздің жастарына үлкен мүмкіндік беретін дәрежесі жоғары «Болашақ» білім беру бағдарламасы. Шетелде жүргенде әлем бойынша дәл осындай бағдарламалардың саны азғантай екендігіне көзім жетті. Дүниежүзілік рейтингі ең жоғары университетке жолдама беретін және оқу барысындағы бүкіл шығындарды өтеп беруге дайын бұл бағдарламаға алғысым шексіз. Ауыл немесе қаланың тумасысыз ба, мүлде маңызды емес. Ең бастысы, неге дәл өзіңіздің осы стипендияға және осындай құндылығы жоғары инвестицияға лайық екендігіңізді дәлелдеу.

ОҚУ МЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Мектепте озат оқушы болдым, одан кейін Халықаралық бизнес академиясын (*қазіргі АЛМУ*) үздік дипломмен тәмамдадым. Университеттің белсенді өміріне араласа жүріп, олимпиадада жүлделі орынға ие болдым. Ғылыми мақалаларым жарық көрді. Қаржы саласы бойынша тәжірибе жиналды. Осы сияқты жетістіктерімнің арқасында «Болашақ» стипендиясына лайық болып, АҚШ-тың University of Southern California оқу орнынан Қаржы мамандығы бойынша магистратура бағдарламасына шақыру қағазын алдым. Менің ойымша, стипендиат болғысы келетін адам өз-өзін алдын ала дайындау керек. Қазақ және ағылшын тілін жетік меңгеріп, оқуға ерекше назар бөлсеңіз, бар қабілетіңізді мадақтау қағаздарымен дәлелдесеңіз, ешбір қиындық жоқ сияқты. Тағы да бір айта кететін жәйт, өз-өзіне деген сенімді болу керек. Дайындық барысында талай рет, менен ештеңе шықпайтын шығар, мендей қарапайым адамға стипендия неге берсін, қоғамда «жемқорлық бар ғой» деген ойлар туындайтын. Бірақ Абай атамыз «Сізге ғылым кім берер, жанбай жатып сөнсеніз» демекші, алдын ала туындайтын сенімсіздік пен күдік атаулыға жол бермеу қажет. Нағыз еңбектің жемісі бар екендігіне, еңбегімнің шынайы бағаланғанына көзім жетіп көңілім толды. Мен бағдарламаның сайтына кіріп, ақпарат алу үшін «Үміткерге» деген батырманы басып, қашан «Стипендиатқа» деген батырманы басам деп тілейтінімін. Сол сәтте бұл маған орындалмайтын арман сияқты көрінетін. Менің қолымнан келген нәрсе басқанын да қолынан келеді деп сенемін.

ЕҢБЕК ЖОЛЫ ЖАЙЫНДА

«Әйр Астана» Қазақстан Республикасының негізгі әуе компаниясында қаржылық есепші ретінде қызмет етуім, менің кәсіби тұрғыда тәжірибе жинауыма үлесін қосты. Менің негізгі бағытым — компанияның әлем бойынша маркетингтік шығыстарын қадағалау еді. «Әйр Астана» компаниясының Ресей, Франция, Грузия, АҚШ және де тағы басқа мемлекеттердегі өкілдерімен келіссөздер орнату мен үшін ғанибет еді. Жұмысты атқарумен қоса, кәсіби тұрғыда даму мақсатымен қосымша сабақтарға да үлгеретінбіз. Өз жұмысыңды белсенді атқарып, коллективтің көңілінен шығу өте маңызды деп санаймын. Еңбегімнің жемісі ретінде мадақтаудан тұратын ұсыныс хатын алу мен үшін үлкен қуаныш болды. Себебі жоғары оқу орындарынан шақыру алу үшін университетке ұсыныс хатын жіберу талаптардың бірі болып саналады.

ҮМІТКЕРГЕ БЕРІЛЕТІН КЕҢЕС

Болашақ бағдарламасының магистратура стипендиаты атану үшін жоғары оқу орнынан шақыру қағаз алу қажет. Бұл ең қиын үрдіс деп есептеймін. Себебі ол үшін оқу орнының төменде айтылған талаптарын орындау керек:

1. Мотивациялық эссе. Өзіңіз туралы жазба қызықты және еркін жазылуы тиіс. Оның өмірбаян немесе резюме стилінде болмауы міндетті. Осы күнге дейін қол жеткен жетістіктеріңізді, қатысқан сайыстарыңызды баяндап, төрешілердің сізге деген қызығушылығын арттыру керек. Баяндама күніне қаншама мотивациялық эссе оқитын



комиссия мүшелерінің есінде сақталатындай етіп жазылса, мүмкіншілік арта түседі.

Шындығына келгенде, жоғары оқу орындары тек қана тестілеудің нәтижесіне ғана қарап, шешім қабылдамайды, үміткер жайындағы жіберілген барлық ақпарат жан-жақты қарастырылады. Уақытым тығыз болып, GRE емтиханынан жоғары балл алдым деп мақтана алмасам да, бұл менің университеттен шақыру қағазын алуыма кері әсерін тигізбеді.

2. IELTS немесе TOEFL. Мен IELTS сынағын үш рет тапсырып 6.0-дан 7.5-ге дейін арттырдым. Шетелдік университеттердің талабы — 6,5–7,0 балл. Емтиханға дайындалу барысы декреттік демалысымда өтті.

3. GRE/GMAT — бұл тестілеу математикалық білім мен ағылшын тілінің грамматикасын тексеруге бағытталған. Егер GRE гуманитарлық мамандықтарға арналған болса, GMAT көбінесе математика және қаржы мамандықтарына арналған.

Гүлнұр НҮРПЕЙІСОВА



ТАҒЫЫМ Диірменнің тасындай зыр айналған дүние дігерлетіп барады. Атқан танды батқызбасына түн қоймайды. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін он жыл басқарған басшы, Құрманғазы ауданы һәм Атырау облысының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері Хисмет Бозанұлы Табылдиевтің туғанына биыл 85 жыл. Туған айды тураған еттей көріп жүргенімізде білгір ғалым, білікті ұстаз, әресі кең өлкетанушы Хисмет Бозанұлының өмірден озғанына да үшінші жылға аунапты.

Хисмет Табылдиевтің есімі ел ішіне ертеректен танылды. Танылатын себебі, орта мектепте оқып жүрген шағынан жазу өнерін жанына серік етті. Қаламының қуаты еңсеріп жазған шағын дүниесін алдымен аудандық, одан кейін сол кездегі Гурьев, қазіргі Атырау облыстық газетке жолдап жүрді. Болар баланың қолынан шыққан жұп-жұмыр дүние екеніне сүйінген редакторлар суырмасына сүнгітпей, октын-октын газет бетінде жариялап тұрды. Табылдиевтің түрен салған тақырыбының дені спорт саласы еді. Өзі де жеткіншек шағынан жүгіру спортына көңілі құлап, жеңіл атлет атанды. Мектеп қабырғасында желаяқ бала болып, студент шағында да талайды шаң қаптырғанын замандастары жырдай ғып айтады. Бала Хисметтің жазғандары жиі жариялануының бір себебі — шындықты шырайын кіргізе жеткізінде еді. Ол көлгірсіп мактамайды, барды бардай, жокты жонбай сол күйінде оқырманға ұсынатын. Спорт саласындағы олқылықтарды ойып-ойып тұрып жазғанда, жас тілшінің тілінің уытынан қаймыққандар «сын садағына ілініп кетпеудің» күйін күйттеп, кетеуі кеткен дүниесін түзеуге ұмтылды. Өткен ғасырдың елуінші жылдары Маңғыстаудан Әбіш Кекілбаев, Атыраудан Хисмет Табылдиев Алматыдан басылып, әр өңірге тарайтын республикалық басылымдарға хат жолдап, жазған туындылары жарияланып тұрды. Жазу өнері жақындастырған жандар рәмәтлік болғанша, қанжығаның көз тілімі секілді тым жақын сыралғы жолдас болды. Досқа адалдық танытудың тамаша үлгісін көз көргендер Кекілбаев — Табылдиев тандемінен табатынымыз десіп, майын тамыза мақтан етеді. «Социалистік құрылысқа» (бұл күндегі «Атырау»), «Социалистік Қазақстанға» («Егемен Қазақстан»), «Лениншіл жасқа» («Жас Алаш») жазған шығармаларынан тамырланған таныстық теренге бойлап, жетпіс жылға жуық жолдасшықа жалғасты. Бірі — замананың заңғар жазушысы атанды, екіншісі — есімін талай ақтандқтарды аршып, өшкенімізді жандырған, жоғымдыз түгендеген тарихшы ретінде төпсірледі.

Тарихшы демекші, Хисмет Табылдиев 1957 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына (қазіргі ҚазҰПУ) оқуға түсіп, 1962 жылы бітіреді. Бір жылдай өзі білім алған Атыраудағы мектепте мұғалім



болып, арнайы шақыртумен Гурьев педагогикалық институтына қызметке тұрады. Қатардағы оқытушылықтан сатылап аға оқытушы, доцент, факультет деканы, сырттағы оқу бөлімінің проректоры қызметтерін атқарды. 1991 жылы институттың ректоры лауазымына сайлау арқылы, көпшіліктің тандауымен тағайындалды. КСРО-ның күймесі күйреп, бұрынғы одақтас елдер отарлық саясатты сетінетіп, өз алдына дербестігін



Тау тұлғалы тарихшы



алып, тәуелсіздігін жариялаған елең-алаң шақта институттың ректорлық тізгіні Табылдиевке таудай сеніммен тапсырылды. Жеке меншіктің жойқын желі жолындағысын жайпап, ірі кәсіпорындар, іргелі зауыттар, орасан өндіріс ошақтары кееге өтіп, мемлекеттің меншігіндегі мекемелер таран-талажға түсіп жатқанда Хисмет Бозанұлы ұжымға ұйтқы бола білді. Экономиканың тұралап, жоқшылық жан-жақтан жұлмалап жатқан кезеңде институттың ішіндегі шаруаны шатқаяқтатпай реттеп, қиындық атаулыны ел болып еңсеруге күш салды. Оқытушылардың айлық еңбекақысы кешеуілдеп, студенттердің шәкіртақысы болмай, қоғамның күйі қашқан заманда тығырыққа тығылып қалмай қияға із сала білді. Институттың ректорлық қызметіне тағайындалған 1991 жылдан 2000 жылға дейінгі аралықта Хисмет Бозанұлы он атаңға артсаң, белін қайыстыратын қыруар жұмысты еңсерді. Соның ішіндегі ең соқталысы — институтқа университет статусын алып беруі. Батыс аймақтағы студенттер университетте оқығысы келсе, орталыққа қарай ойысып, бас қалаға, Алматыға аттанып жатты. Өйткені батар күнді басқаға қарағанда ұзағырақ тамашалайтын батыс өңірде университет статусын алған оқу ордасы жок еді. Міне, осы олқылықтың орнын бүтіндеп, кетігін көркейту үшін Табылдиевтің табандылығының нәтижесі десек, ешкім де шабына шок түскендей шорши қоймас.

2000 жылдары ректорлық қызметке дейін де, одан кейін де тарихшы

Хисмет Табылдиев облыстық мәслихат депутаттығына үш мерзім сайланды. Награда комиссиясын басқарды, облыстық мәслихат хатшысы болды, «Нұр Отан» партиясы Атырау облыстың филиалына басшылық етті. 1979 жылы тарих ғылымдарының кандидаты, 1998 жылы ғылым докторы, ҚР гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі атанды. 200-ден астам ғылыми-танымдық зерттеу мақаласының авторы «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Құрманғазы», «Кіші жүз руларының тарихы мен шежіресі», «Сауатсыздықтан білім шынына», «Сарайшық», «Қазақстанда сауатсыздықты жоюдың қиыншылықтары», «Өзгерген өмір» сынды сүбелі шығармасын жазды.

Ноғай ордасының астанасы атанған, сегіз ханның сүйегі жерленген Сарайшықтың тарихы сарғайып, Жайықтың жарлауыты құлай-құлай қаланың орнына жакындап, тіпті қаншама құнды жәдігерлерімізді шайып кетіп, әйгілі қала жетімсіреп жатқанда Тұңғыш Президент Н.Назарбаев көрмекке келеді деген сауын айту түседі. Алдымен Атырауға аялдаған Президент ендігі сапарында Сарайшықты аралайтынын айтып, тапсырма жүктеп кетеді. Міне, сол кездегі сабылыста облыс басшылары мен бас қаладағы жауаптылар өңірден өлкетанушы, тарихшы әрі білгір ректор Хисмет Табылдиевтің таным, парасатына көп арқа сүйеді. Көне қаладағы мұражай мен мешіт құрылысын жаңғыртуда, жерленген хандарға ескерткіш қою ісінде Хисмет Бозанұлының білек түрініп кіріскенін көзіқарақты атыраулықтар жақсы біледі. «Менің арманым — Сарайшықтың аспалы бағын, зәулім үйлері мен даңғайып көшелерін қалпына келтіріп, сегіз ханның басына түнегісі келетін туристердің талғамына татитын тарихи мекенге айналса деймін» деп еді бір сұхбатында Хисакан. Бозанұлының бұйымтайын орындау біздің мойнымыздағы аманат.

Шет тілі маманы, педагог Майра Ғилақызымен елу бес жылдан астам уақыт отасты. Майра әжеңнің де жалған дүниеден көшкеніне жүз күнге жуықтапты.

Тұла бойы тұңғышы Бейбіт Бозан мен Балмаштың бел баласы атанып, бұла өскендіктен, бұл үйге тән болған жок. Екінші ұл, сұт кенжесі Ерлан Табылдиевті танымайтындар кемде-кем бұл күнде. Кәсіпкер, меценат, атыраулықтардың жел жағына пана, спортшыларға сүйеу боп камқорлық көрсетіп келеді.

Тарихшы, өлкетанушы Хисмет Табылдиевтің түтінін түтетіп, шаңырағының отын өшірмей, босағасының берекесін кіргізіп, ырысын молайтып отырған Майра Ғилақызының парасат-пайымы турасында Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың иегері ақын Фариза Онғарсынова:

«Айтқызбай- ақ ойыңды түсінетін, Әзілдейтін, алдыңда кішіретін. Жаны жұмсақ, жарасты сұлу Майра Жайдарысың, жақынсың кісіге тым. Майра, сенің үлгі етер мақтанымыз, Енені де мәпелеп баптадыңыз. Қос батырды мұра ғып Хисағаға Өзін жігіт қалпында сақтадыңыз. Ақылды әйел... Ерге берген бағы гой бір Алланың, Ана-туғыр ұшырар қырандарың. Хисағаның 60 жас тойы күні Майра, саған алғыс пен жыр арнадым»

деп жырлап, мейіріміне шомып, кенпейіл дарқандығына кенелгендігін әйгілей түскендей.

«Жаксының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейміз ғой. Артында мол мұра қалдырған Табылдиевтің тіршілігінде тындырған азаматтық істері елінің жадында жаңғырып тұра бермек.

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ, журналист



БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауаты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз, дизайн, тележурналистика бойынша дөріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Солардың бірі – Назерке Исатай. Бұл жолы Назерке сұхбат алып көрді.

СҰХБАТ

Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актері Ұлан Болатбекпен сұхбатқа келісіп, межелі мерзімді белгілегеннен бастап уайымым артты. Алғаш рет журналистика саласына бойлап, сұхбат алу жауапкершілігі жүктелгендіктен шығар деп ойлады. Түнімен қобалжып ұйқым да шала болды. «Мен жолдаған сауалдарға қалай жауап қайтарады? Сұхбат алу сынағынан қалай өтетін?» деген сауал мазалады. Бірақ барлық қорқынышым рухани қазынаға толы театрдың табалдырығын қойылымның репетициясы болып жатыр екен. Уақытының тығыздығына қарамастан, кішіпейілділік танытып, қойған сауалдарыма тұшымды жауап берген актердің қарапайымдылығы тәнті етті.

Актер Ұлан Болатбекті дайындық үстінде кездестірдік. Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» шығармасының желісімен сахналанатын қойылымның репетициясы болып жатыр екен. Уақытының тығыздығына қарамастан, кішіпейілділік танытып, қойған сауалдарыма тұшымды жауап берген актердің қарапайымдылығы тәнті етті.

Ұлан Болатбек:

Өнер әжемнен дарызан



Назерке Исатай: Жаттанды сауал деменіз, өнер сізге кімнен дарыды? Отбасыңызда өзіңізден бөлек, кімдер өнерге жакын? **Ұлан Болатбек:** Әкем де, шешем де өнер адамдары емес. Менің әжем, әкемнің анасы дарынды кісі еді. Бала күнімде әкеміз кимешегін киіп алып жүн түткенде, басқа да шаруа үстінде ынылдап ән айтып отыратын. Кейін білсем, әжем көбіне Қыз Жібектің жоктауы секілді кесек дүниелерді жатқа айтып отырады екен. Өнер маған әжемнен дарыды деп ойлаймын. Отбасымызда ағаларымның ешқайсысы өнер саласын тандаған жок. Мен өзім жастайымнан актерлік өнерді қалап, қиындығы мен қызығы қатар өрілген соқтықпалы-соқпақты жолды тандадым. Жоғары білім алып, кәсіби актер атандым. Бұл күнде театрда еңбек етіп келемін.

Назерке Исатай: Газет оқырмандарына жақынырақ таныстырсаңыз, қай жердің тумасысыз? **Ұлан Болатбек:** Алматы облысы Кеген ауданы Жылысай ауылында кіндік қаным тамған. Менің туған ауылым кеудесін қарағай көмкерген Қулық деген таудың етегінде орналасқан, ынтымағы ұйысқан шағын ғана ауыл. Осы ауылда шыбықты ат қып мініп, алансыз балалық шағым өтті. Бірақ мен мектепке Алматы қаласында бардым. Оқуға қабылданған жылы біз отбасымызбен ауылдан қалаға қоныс аудардық.

Назерке Исатай: Кіндік қаныңыз ауылда тамып, балалық шағыңыздың бастауы Жылысайда өткенімен, есейген шағыңыз Алматымен байланысты екен. Ауылыңызды сағынасыз ба? Жіі баратын шығарсыз? **Ұлан Болатбек:** Шынымды айтсам, бала кезімізде, одан кейінгі бозбала шағымызда ауылға деген сағыным дәл қазіргідей күшейген емес. Отбасын құрып, әке атанып, ата-аналық борышты сезініп жатқандікі ме, ауылға қазір жиі барғым келеді. Топырағына аунап-қунап, тауына шығып, саф ауасымен терең тыныстаймын келеді. Уақытым болса, ауылға жиі барғым келеді.

Назерке Исатай: Сіз үшін өмірде ең қымбат кім? **Ұлан Болатбек:** Ең қымбат асылдарым алдымен ата-анам. Өкінішке қарай, әкем менің кішкентай кезімде өмірден өтіп кетті. Кенже ұлының кәсіби актер атанып, сахнада рөлдерді сомдаған көре алмады. Ата-анамнан кейін бауырларым, туыстарым, айналам, достарым қымбат.

Назерке Исатай: Сіздің жаныңызға ең жакын рөл қандай? **Ұлан Болатбек:** Мен мына рөл жакын, мына образды сомдау қиын деп бөлмеймін. Еншіме қандай рөл тиді, барымды салып, шынайы сомдауға күш саламын.

Назерке Исатай: Бір күнгі жұмыс жоспарыңыз? Уақытты тиімді пайдаланасыз ба? **Ұлан Болатбек:** Күз келіп, театрымыздың кезекті маусымы ашылды. Қазір бізде жанадан сахналанатын спектакльдердің тұсаукесері. Соған қызу дайындық үстіндеміз, кейде репетиция түн ауғанша созылады. Кеше де дайындықтан қалжырап едім, бүгін аяғымнан әзер тұрмын. Бірақ кешке премьеря. Көрерменнің талғамынан шығу үшін бәрін де орындауға әзірміз. Біздің күніміз көбіне түсіріліммен өтеді. Театрдағы спектакльден бөлек, теларналардан көрсетілген бірнеше сериалда ойнадым. Қазір Алаш қайраткері, ұлт ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы туралы деректі сериалдың түсірілімі жүріп жатыр. Сол туындыда қоғам қайраткері, публицист, әдебиет сыншысы Ғаббас Тоғжановтың рөлін сомдаймын.

Назерке Исатай: Өңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Назерке ИСАТАЙ, II топтағы мүмкіндігі шектеулі жсан

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен ҚӨБЕЕВ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2278; Бағасы келісім бойынша Апталық таралым — 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AitAstana» әуежолының ұшақтарында бар.</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	--	--	---